

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы

Шетелдік мамандарды тарту мониторингі

(3 блок 2 тармақ)

---


**Аналитикалық анықтама**

Астана қ., 2022

## Мониторинг қорытындысы бойынша шетелдік мамандарды тарту аналитикалық анықтамасы

### Бюджеттен тыс қаражат есебінен шетелдік мамандарды тарту

Бағдарламаны іске асырудың 12 жылында Қазақстанның ЖЖОКБҰ - на барлығы **13 045** шетелдік маман тартылды (1-диаграмма).



Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) ұсынған деректеріне сәйкес 2022ж. бюджеттен тыс қаражат есебінен оқытушылық қызметке жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) іске асыратын **55** елдің **540** білім беру ұйымынан (бұдан әрі-ЖЖОКБҰ) **62** қазақстандық ЖОО-ға **755** шетелдік маман тартылды, бұл елдегі ЖЖОКБҰ-ның жалпы санының **62%**-ын құрайды. 2021 жылмен салыстырғанда тартылған шетелдік мамандар саны **5,7%**-ға өсті (2021ж. - **714**).

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы ең көп шетелдік мамандарды ұлттық жоғары оқу орындары тартты. Оның ішінде ұлттық ЖОО-лар – **234** адам, мемлекеттік ЖОО-лар – **243** адам, АҚ-**104** адам, жекеменшік ЖОО-лар-**174** адам (1-қосымша).

2022 жылы, 2021 жылдағыдай, онлайн режимінде сабақ өткізетін шетелдік мамандардың саны офлайн режимге қарағанда әлдеқайда көп. Оның ішінде, офлайн форматта – **257** адам, онлайн форматта – **463** адам және аралас форматта - **35** адам.

Қазақстандық ЖЖОКБҰ негізінен ТМД және Еуропа елдерінен мамандарды шақырады (1-кесте).

ТМД елдерінің ішінде Ресей (**234** адам) былтырғыдай көшбасшы болып қала береді, бірақ олардың саны 13 адамға азайған (2021ж.-**247** адам). Еуропа елдерінен, 2021 жылдағыдай, Германиядан келген мамандардың саны ең көп, бірақ **14,3%**-ға көбейген (2022ж.-**64** адам, 2021ж.-**56** адам). Солтүстік Америкадан АҚШ-тан ең көп мамандар тартылған (**34** адам), бұл 2021 жылмен салыстырғанда **5** адамға аз (2021ж.-**39** адам). Таяу Шығыстан Түркия жетекші ел болып қала береді - **60** адам (2021 жылмен салыстырғанда 3 есе көп).

Қазақстандық ЖЖОКБҰ мамандарды негізінен келесі елдерден шақырады (1-кесте):


#### 1-кесте. Елдер бөлінісінде шақырылған шетелдік мамандар саны, %

№	Страна	Количество специалистов	%
1.	Ресей Федерациясы	234	31
2.	Германия	64	8,5
3.	Түркия	60	7,9
4.	Польша	35	4,6
5.	АҚШ	34	4,5
6.	Өзбекстан	29	3,8
7.	Қырғызстан	28	3,7

8.	Украина	28	3,7
9.	Франция	22	2,9
10.	Ұлыбритания	20	2,6
11.	Болгария	18	2,4
12.	Италия	12	1,6
13.	Оңтүстік Корея	12	1,6
14.	ҚХР	11	1,5
15.	Египет	11	1,5
16.	Латвия	11	1,5
17.	Үндістан	9	1,2
18.	Финляндия	9	1,2
19.	Венгрия	8	1,1
20.	Испания	8	1,1
21.	Пәкістан	6	0,8
22.	Чехия	6	0,8
23.	Грузия	5	0,6
24.	Литва	5	0,6
25.	Малайзия	5	0,6
26.	Швейцария	5	0,6
27.	Австрия	4	0,5
28.	Нидерланды	4	0,5
29.	Сербия	4	0,5
30.	Тәжікстан	4	0,5
31.	Әзірбайжан	3	0,4
32.	Беларусь	3	0,4
33.	Нигерия	3	0,4
34.	Португалия	3	0,4
35.	Румыния	3	0,4
36.	Сингапур	3	0,4
37.	Жапония	3	0,4
38.	Иран	3	0,4
39.	Канада	2	0,3
40.	Бельгия	2	0,3
41.	Армения	2	0,3
42.	Ирак	1	0,1
43.	Эстония	1	0,1
44.	Багам аралдары	1	0,1
45.	Босния және Герцеговина	1	0,1
46.	Гана	1	0,1
47.	Греция	1	0,1
48.	Индонезия	1	0,1
49.	Жаңа Зеландия	1	0,1
50.	Норвегия	1	0,1
51.	Солтүстік Кипр	1	0,1
52.	Сирия	1	0,1
53.	Словения	1	0,1
54.	Тайланд	1	0,1
55.	Ямайка	1	0,1
<b>Барлығы:</b>		<b>755</b>	

### Шетелдік тартылған мамандардың сапалық құрамы (2-диаграмма)

2022 жылы шетелдік мамандардың ең көп үлесі - ғылым докторы (39,5%) және PhD докторы (33,5%). Ал ғылым кандидаттары ғылым докторларына қарағанда 2 есе аз (18,5%). Төменде 2021 және 2022 жылдарға салыстыру берілген (2-диаграмма)



### 2-кесте. Шетелдік мамандар, білім деңгейі, %

Білім деңгейі	Адам саны	%
PhD докторлары	253	33,5
Ғылым докторлары	298	39,5
Ғылым кандидаттары	140	18,5
Магистрлер	42	5,6
Ғылыми дәрежесіз	22	2,9
<b>Жалпы:</b>	<b>755</b>	

Шетелдік оқытушылар білім берудің келесі салаларында мамандандырылған (кесте. 3).

### 3-кесте. Шақырылған шетелдік мамандардың білім беру саласы бойынша саны, %

Білім беру саласы	Адам саны	%
01 Педагогикалық ғылымдар	121	16
02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	72	9,5
03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	32	4,2
04 Бизнес, басқару және құқық	90	12
05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	74	9,8
06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	81	10,7
07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	86	11,4
08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	80	10,6
09 Ветеринария	22	2,9
10 Денсаулық сақтау	67	8,8
11 Қызметтер	30	3,9
<b>Барлығы:</b>	<b>755</b>	

3-кестеге сәйкес, 2021 жылғы сияқты - "Бизнес, басқару және құқық" (140), "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" (122), "Педагогикалық Ғылымдар" (117), 2022

жылы білім берудің ең танымал 3 саласы – "Педагогикалық Ғылымдар" (121), "Бизнес, басқару және құқық" (90) және "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" (86) болған. 2022 жылы білім берудің келесі танымал салалары -"Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" (81), "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" (80), "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" (72). 2022 жылы "Ветеринария" (22) және "Қызметтер" (30) салаларынан 2021 жылы сияқты ең аз мамандар болған.

Шақырылған шетелдік мамандардың гендерлік құрамы келесідей (4-кесте).

**4-кесте. Гендерлік бөліністе шақырылған шетелдік мамандар, саны, %**

	саны	%
Ерлер	531	70,3
Әйелдер	224	29,7
<b>Барлығы:</b>	<b>755</b>	

2022 жылы тартылған шетелдік ғалымдар арасында ерлер саны (70,3%) өткен жылдағыдай әйелдерге қарағанда (29,7%) көп (ерлер-60%, әйелдер-40%).

Шетелдік мамандар (755 адам) білім алушылар мен ПОҚ үшін дәріс сабақтары (28 828 сағат), семинарлар (17 722 сағат), мастер-кластар (881 сағат) және тренингтер (1 700 сағат) өткізген.

**Қорытынды**

**2022 жылы:**

- бюджеттен тыс қаражат есебінен Қазақстанның ЖЖОКБҰ-ға тартылған шетелдік ғалымдардың саны 755 адамды құрады, оның ішінде 463 маман (61,3%) онлайн форматта, 257 маман офлайн форматта (34,1%) және 35 маман аралас форматта (4,6%).

- "Педагогикалық ғылымдар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" және "Бизнес, басқару және құқық" сияқты білім беру салалары 2 жыл қатарынан білім беру саласының санатын басқарады;

- тартылған 755 шетелдік мамандарының ішінде PhD докторлары - 253, ғылым докторлары - 298, ғылым кандидаттары - 140, магистрлер - 42 және дәрежесі жоқ - 22;

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес қазақстандық жоғары оқу орындарының көпшілігі шетелдік мамандарды тарту кезінде әлі де өздеріне қолжетімді бірнеше жолдың бірін пайдаланады деп есептеуге болады. Олардың бірі-жақын шетелдердің, бұрынғы Кеңес елдерінің ғылыми қауымдастығымен байланыс. ТМД елдерінен тартылған шетелдік ғалымдардың негізгі үлесі, бұл шақырылған шетелдік ғалымдардың жалпы санының 43,8% - құрайды. 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда қазақстандық жоғары оқу орындары Еуропа елдерінен көбірек тартыла бастады. Мысалы, Германия (64) және Польша (35), Франция (22) және Ұлыбритания (20). Алайда, жоғары оқу орындары бөлінісінде Еуропа елдерінен тартылған ғалымдардың саны біркелкі емес екенін ескеру қажет: 2022 жылы Германияның 64 маманынан 46 маман Қазақстан-Германия университетімен шақырылды. Осылайша, бір ЖОО-ға Қазақстанға шақырылған Германия ғалымдарының 72% - ы келеді. Сондай-ақ, Польшаның 35 маманының ішінен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ЖОО-на Польшадан келген мамандардың 43% - ы тиесілі екенін атап өткен жөн. Басқа Еуропа елдері мен АҚШ-тың мамандарына қатысты әр жоо тек 2-3 маман тартты. Нәтижесінде, Еуропа елдерінен келген шетелдік ғалымдардың айтарлықтай қатысуын, әдетте, бірнеше жоғары оқу орындары ғана қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде, бұл Қазақстанның жоғары оқу орындарында шетелдік ғалымдарды тарту жөніндегі жұмыстың тиімсіздігін көрсетеді және кешенді жақсартуды, сондай-ақ ҚР-дағы білім мен ғылымның деңгейі мен сапасын жақсарту үшін шетелдік ғалымдармен неғұрлым сапалы жәрдемдесуді қажет етеді.